



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Валюта нарығы



ТЕҢГЕ БАҒАМЫ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ

- ✓ 2015 жылы **инфляциялық таргеттеу саясатына** көшкендіктен ұлттық валютаның **еркін өзгермелі айырбас бағамы режимі** енгізілді
- ✓ Қолданыстағы режим **сыртқы «шоктарды»** лезде сіңіруге және экономикадағы **теңгерімсіздіктерді** жинақтамауға мүмкіндік береді


Теңге бағамына әсер ететін негізгі факторлар

Сыртқы факторлар



Әлемдік мұнай бағасы

Негізгі сауда-серіктестердің
валюта бағамы



Жаһандық инвесторлардың
тәуекелге тәбеті

Сыртқы нарық конъюнктурасы



Ішкі факторлар



Төлем балансының жағдайы

Салық төлеу мерзімдері



Бюджет қаражатының қозғалысы

Нарық қатысушылары мен
халықтың күтулері





ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ ВАЛЮТА НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУЫ

Ұлттық банк нарықтық валюта бағамын қалыптастыруға **араласпайды**.
Нақты теңге бағамы **мақсатты түрде белгіленбеген**.

- ✓ Валюта нарығындағы интервенциялар **шектен тыс құбылмалылықты тегістеп, қаржылық тұрақтылыққа қауіп төндірмеу үшін жүзеге асырылады**.
- ✓ Ұлттық қор қаражатымен операцияларды жүзеге асыру кезінде **нарықтың бейтараптығы мен ашықтық қағидаты сақталады**.
- ✓ Ұлттық банк барлық валюталық операциялардың **толық ашықтығын** сақтай отырып, валюта нарығын ырықтандыру саясатын ұстанады.
- ✓ Ұлттық банк жүргізіліп жатқан валюталық операцияларға қатысты өте белсенді **коммуникациялық саясат** жүргізеді. Ай сайын Ұлттық банктің ішкі валюта нарығындағы барлық операциялары туралы оларды жүргізу мақсаты мен себебі көрсетілген ақпараттық хабарламалар жарияланады.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқару



БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **«Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің** талаптарына сәйкес БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі мақсаты – олардың сақталуын қамтамасыз ету және ұзақмерзімді кезеңде **нақты табыстылықты** (*инфляциядан жоғары*) алу.
- БЖЗҚ зейнетақы активтері **нарықтық жағдайларда** түріне қарай (*акция, облигация және т.б.*), елдері, эмитенттері және валюталары бойынша әртүрлі қаржы құралдарына инвестицияланады.
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау БЖЗҚ сайтында орналастырылған **БЖЗҚ Инвестициялық декларациясында** белгіленген шарттар мен шектеулерге сәйкес жүзеге асырылады: (www.enprf.kz) «Зейнетақы жүйесі туралы» бөлімі.
- БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару қызметі ашық. БЖЗҚ зейнетақы активтерін басқаруға байланысты барлық ақпарат (*портфель құрылымы, басқару нәтижесі, жасалған мәмілелер туралы мәліметтер және т.б.*) **ай сайын** БЖЗҚ сайтында жарияланады: (www.enprf.kz) «Көрсеткіштер» бөлімі.



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Ұлттық қордың активтерін басқару



ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУ

- ✓ Ұлттық қордың негізгі мақсаты:
 - **Болашақ ұрпақ үшін** жинақ қалыптастыру арқылы **қаржы ресурстарын үнемдеу**
 - Республикалық бюджеттің **әлемдік шикізат нарығындағы жағдайға тәуелділігін төмендету**
- ✓ Ұлттық қордың ұзақмерзімді кірістілігін арттыру мақсатында 2019-2023 жылдар кезеңінде консерватив бөлуден (*облигациялардың 80% және акциялардың 20%*) портфельдің **теңгерімді құрылымына көшірілді** — облигацияларда 60% және жоғары кірісті активтерде **40%** (*акция, алтын, баламалы инвестициялар*). 2023 жылы жинақ портфелінің құрамында 1,5 млрд АҚШ доллары көлемінде **баламалы құралдар портфелі** қалыптасты.
- ✓ 2026 жылдың ақпан айында Ұлттық қорды басқару кеңесі активтерді **стратегиялық бөлуге қатысты жаңа жоспар** бекітті, онда **жоғары кірісті** құралдардың үлесі **50%-ға** дейін арттырылды.
- ✓ Қазіргі Ұлттық қордың активтерін басқару саясаты 2030 жылға қарай активтерді **100 млрд АҚШ долларына дейін** ұлғайту міндетін орындауға көмектеседі. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін Ұлттық қор активтерінің мол мөлшерде сақталғаны маңызды. Ол үшін **қаражат алуды азайтып** (*бюджеттік тәртіпті ұстану, нарықтан тыс қолданысқа жол бермеу*), қорды толықтыру процесін күшейту қажет.
- ✓ ҚРҰҚ активтерін сенімгерлік басқару қызметі ашық. Ұлттық қордың активтерін басқаруға байланысты барлық ақпарат ай сайын Ұлттық Банктің www.nationalbank.kz сайтында «Статистика» бөлімінде жарияланады.



ҰЛТТЫҚ ҚОРДЫҢ ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

- ✓ 2024 жылғы қаңтардан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылды. Оның аясында Ұлттық қордың инвестициялық табысының **50%-ы** 18 жасқа дейінгі балалардың арнайы жинақтау шоттарына аударылады.
- ✓ «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы туралы толығырақ ақпаратты, соның ішінде баланың нысаналы шотынан үзінді-көшірме алуды оператор – БЖЗҚ-ның <https://kids.enpf.kz> сайтынан білуге болады.
- ✓ Ұлттық қор активтерінің ұзақмерзімді кірістілігін қамтамасыз ету және Қазақстандағы жеке капитал нарығын дамыту мақсатында, Ұлттық қор активтерін Қазақстан экономикасына инвестициялау бойынша **ашық инвестициялық серіктестік** (АИС) бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарлама халықаралық басқарушы компанияларды тарта отырып жүзеге асырылады.
- ✓ АИС бағдарламасы Ұлттық қордың баламалы құралдар портфелінің бір бөлігін **табысты және рентабельді** жобаларға инвестициялау арқылы **нарықтық қағидаттарға** негізделеді. Оператор ретінде Халықаралық жеке капитал нарығындағы басқарушылармен жұмыс істеу тәжірибесі бар **Ұлттық инвестициялық корпорация** әрекет етеді.
- ✓ **Мемлекет басшысының тапсырмасына** сәйкес, Ұлттық инвестициялық корпорация базасында **мемлекеттік крипторезерв құру** жұмыстары жалғасуда. Бұл крипторезерв Қазақстанның Ұлттық Банкі басқаратын жалпы **дербес** резервтердің бір бөлігі болады.
- ✓ Крипторезерв құру елдің қаржылық **дербестігін нығайтуға**, цифрлық технологиялар саласындағы ұлттық құзыретті арттыруға, басқарылатын активтердің **кірістілігін әртараптандыруға әрі арттыруға** бағытталған. Сондай-ақ, оны құру цифрлық активтерді сақтау мен есепке алуда ұлттық **инфрақұрылымды дамытуға** ықпал етеді.